

Мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Арал ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 14 сәуірдегі № 58-қ қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 3 мамырда № 5823 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Арал ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 10 ақпандағы № 11-қ қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Арал ауданы әкімдігінің 10.02.2020 № 11-қ қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 9-бабының 6) тармақшасына сәйкес Арал ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес ауыр жұмыстарды, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыс орындарын есептемегенде, жұмыс орындары санының екіден төрт пайызға дейінгі мөлшерінде мүгедектер үшін жұмыс орындарына квоталар белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Арал ауданы әкімінің орынбасары Ж. Әлішеваға жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

АУДАН ӘКІМІ

М. ОРАЗБАЕВ

Арал ауданы әкімдігінің
2017 жылғы "14" сәуірдегі
№ 58-қ қаулысына қосымша

Ауыр жұмыстарды, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыс орындарын есептемегенде, жұмыс орындары санының екіден төрт пайызға дейінгі мөлшерінде мүгедектер үшін жұмыс орындарына квоталар

№	Ұйымның атауы	Жұмыс орындарының саны	Квота мөлшері, % есебімен	Белгіленген квотаға сәйкес жұмыс орындарының саны
1	"Аралтұз" акционерлік қоғамы	280	4 %	11
2	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің "	95	2 %	2

	Қамыстыбас балық питомнигі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны			
3	"Қамқор Локомотив" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің "Сексеуіл локомотив жөндеу депосы" филиалы	200	3 %	6
4	"Қызылорда облысының білім басқармасының "Арал көпсалалы колледжі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	100	3 %	3
5	"Қызылорда облысының білім басқармасының "Арал индустриалды-техникалық колледжі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	70	2 %	1
6	"Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының "Амбулаториялық-емханалық қызметі бар Арал аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	300	4 %	12
7	"ҚТЖ-Жүк тасымалы" акционерлік қоғамының-"ГП Қызылорда бөлімшесі" филиалы	230	3 %	7

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК